



# ПИОНЕР

№ 11    НОЯБРЬ    1959  
АЛМАТЫ



## **ОКТАБРЬДЕН БАСТАЛДЫ**

Жаңа бетін тарихтың  
Ашқанында Октябрь,  
Жарқ етті де жарық күн,  
Шашылды сол шақта нұр.

Бақыт нұры сол еді  
Алғашқы рет ел көрген.  
Бақыт жайлы өлеңі  
Ағытылды кеудеден.

Еркін басып еліміз,  
Жеттік жарқын заманға.  
Жайнады да жеріміз,—  
Ана болды адамға.

Балғын жүзі алаулап,  
Жарқылдады жастар да.  
Сапқа тұрып, жалауды ап,  
Отряд боп басты алға.

Сол отряд бүгін де  
Ширақ басып барады.  
Мақтаныш мол жүзінде,  
Думандайды парады.

Елдің қарты, жасы көп  
Қалықтап күй, тасты әні.  
Коммунистік осы лек  
Октябрьден басталды!

Ізтай Мәмбетов.



Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.

Суреттерін салған Р. ЮЛДАШЕВ.

Сәйділ Талжанов.



(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

### СӘКЕН НІЛДІДЕ

Нілді — мыс өндірісі. Айналасы қоршалған биік қабырға. Ұзыны ат шаптырымдай. Аузында темір қақпа. Ішіне жан кірмейді. Бұл — аттың төбеліндей ағылшындардың ұя-

сы. Ұлан байтақ өлкенің қанын сорып жатқан қорқаудың апаны тәрізді. Төңірегіне қонған жұлым-жұлым қара күркелер — қазақ жұмысшыларының үйлері. Күнге шағылысып күреңіткен әлгі қызыл қорғанға үңірейе қарап, итініп тұр.

Жердің, кеннің иесі осы көп жұмысшы — күніне елу тиын алғанына мез. Өз байлығын бөгде бақалшыға тегін беріп жатыр.

Мысты осы жерде өндіріп, Спасс заводына тасиды. Спаста қорытылып, Лондонға жіберіледі. Қазақтар Спастан Ақмолаға кіре салады, көлігі бар, күші жететіндер Қызылжарға дейін үдере тартады. Спасс кіресін Ақмолаға тартып «Қара сарт» байыды, Ақмоладан ұтылып, Қызылжарға тартып, Жанбағыс, Бәйкелдер дүрілдеді. Өзірге бұл кіреден шыр бітпей береке таппай жүрген жалғыз-ақ Сейфулла.

Нілдіде жұмысшы Сәденнің үйінде жатып, Сәкен орыс-қазақ школасында оқып жүр. Оқытушысы Роман Николаевич Скеянкт еді.

Оқудың басталғанына екі-үш ай өтті. Сәкеннің тілі әлі «сынған» жоқ. Орыстың көп сөзін дерекі айтады. «Я, ты, он, папа, мама» тәрізді дара буынды, қос буынды сөздерді біліп қалды. Бәленің бәрі «жыныс<sup>1</sup>» пен жалғауда болып жүр. «Моя мама, моя папа, моя лошадь, моя конь» деп заулата береді. Миша деген бір жолдасы бар, сонымен көп сөйлеседі. Сәкен он үште, Миша сегіз жаста. Көбінесе сол Миша Сәкеннің орысша сөзінен қате тауып, қайталап айтып

<sup>1</sup> Род.

отырады. Оның сөзін Сәкен арланбай тыңдайды, өзіне қазақша үйретеді. «Мой хлебті» Миша да «менікі нан» деп аударады. Қазақша теріс айтқанын түсінсе де, Сәкен орысша сөйлемнің мәнігін аңдап қалады.

Бір күні таңертең ересек бала Гриша Сәкеннің көршісі Мишаның сия сауытын ала қашты. Жасы кіші тапал Миша тұра қуғанда, іштен теуіп жіберіп жылатты, сол арада Сәкен болысып сия сауытқа жармасқанда «ты, что орда киргиз»<sup>1</sup> деді Гриша. «Орданың» мәнісін түсінбесе де, әйтеуір, Гришаның арам пейілін қызара беріткен кескінінен танып, Сәкен жағасынан ала түсті. Апыр-топыр аяқаса кеткенде, қазақша қырқа шалып, Сәкен алып ұрды.

Үстінде шидем күпі, басында сеңсең тымақ, қорбиған Сәкен Гришаның кеудесіне мініп отыр. Қып-қызыл болып бұлыққан екі қолымен алқымынан қысып жатыр.

Роман Николаевич осы жанжалдың үстінен шықты. Қамалап тұрған балалар да ыдырай қашты, орын-орнына барып отырды. Кластың іші жым-жырт бола қалды. Роман Николаевич қабағын түйіп, түнере түсті: «Бұл қандай бейбастақтық, енді кластың ішінде төбелесуді шығардыңдар ма? Мұны кім бастап жүр?» — деп сұрақты үсті-үстіне жаудырды.

Гриша мен Сәкен — екі айыпты бала түрегеліп тұр, Миша көзінің жасын сүртіп отыр. Көлденең балалардан да сұрастырып, уақиғаның егжей-тегжейін әбден біліп алды да:

— Гриша, сен өзіңнен кіші балаға зорлық жасағансың, оған болысқан Сәкенді «орда киргиз» деп келеке қылғансың, осы екеуі де үлкен қылмыс. Ал, Сәкен, сенің айыбың төбелесуде тұр, оның үстіне, класта төбелесу теріс. Жалпы, мектепте бірге оқып жүрген бала төбелеспей керек. Мектеп досы — табылмайтын дос, — деп Роман Николаевич ақылын айтты. Жайып-шуып жарастырды.

Осыдан кейін класс ішінде бұзақылық болған жоқ. Күшті Гриша «көкесіне» кездесіп, беті қайтты да, татуласып кетті. Бұлар шекісіп, бекісті. Сәкен Мишаға жанын үзді де, Гришамен енді қайтып етене жақындаса алмады. Мінезі тік болатын.

Сәкен Нілдіде оқығалы үш жылға толды. Жұрт: «Сейфулланың баласы оң, солын танып қалды. Нан алып жерлігі бар...» деседі.

Ең алғаш мектепке кірген күні бұрынғы әдеті бойынша ішінен оқи алмай ыңылдай беруші еді.

— Сейфуллин, сен ішіңнен оқы, басқа-

<sup>1</sup> Жабайы қырғыз (қазақ), сенің не жұмысың бар?



ларға «машайт» етесің, — деді Роман Николаевич. Осыдан былай Сәкен де мектеп тәртібіне жаттықты.

Орыстың «Мешает», «помощь» деген сөздерін Нілдідегі шала-пұла орысша білетін жұмыскерлер өздерінше «машайт», «момыш» деп бұзып айтып сөйлейді, Роман Николаевич солардан үйреніп еді.

«Бараншик, маржа, махандарды» айтқанда Сәкен орысша сөйледім деп ұғушы еді, ал Роман Николаевич «баланы қазақтар бараншик, әйелді — маржа, етті — махан дейді екен-ау» деп топшылайтын. Заты, бұл сөздердің қайдан шыққанын екеуі де түсінбейтін.

Апақ-сапақта Сәкен үйінің сыртына келіп біреу түйесін шөгерді. Бұл Аба тауынан баласының үйіне кеп түскен қонақ Дүкен ақсақал еді.

Дүкеннің Нілдіге келуінде екі желеу бар. Біріншісі, қызмет істеп, табыс тауып жүрген баласынан сәлем-сауқат алып қайтпақ. Екіншіден — қырдағы ауылға таңсық қаланың соны хабарларын естімек. Соңыра, елге барғанда: «Сәденім олай деді, Сәденім бұлай деді» — деп өзінше бір мақтанбақ.

Ауылдан аттанарда Сейфулла қатты тапсырды.

— Дүке, қайтарыңызда Сәкенімді мінгестіріп ала келіңіз, оқуы біткен шығар, ал Әбеннің өлгенін ауылға таянбай естіртпеңіз, тете інісін өте жақсы көруші еді, жылап-сықтап басыңызға әлек салар,— деді.

Дүкен өз баласының үйіне кіргеннен кейін, көрші отырған жұмыскерлер де жинала бастады. Сәлем беріп жатыр.

Бұлар ауылдың хабарына ділгер.

— Сәден аға-ау, бүгін екеумізді Шалтайбай нарядчик ақ ауыз етіпті,— деді Матай үйге ентіге кіріп.

— Ақ ауыз етсе, уақасы жоқ, біз ол қоқайға үйрендік, етіміз өліп кетіпті, елең де қылмаймыз,— дейді бір шұнақ қара жігіт.

— Мына ағылшындар ақымақ қой деймін, күніне елу тиын түгіл, бір тиындық жұмыс істемейміз, таңертеңнен кешке дейін солардың көзін алдаумен боламыз, сөйтіп отырып та ақ ауыз етсе, өкпелейміз-ау?!— деді шегір сары.

— «Ақ ауыз» деген не пәле? Мен түсінбей отырмын,— деді Дүкен.

— Әкей-ау, ақ ауыз — құрамай қаптыру, біздің бір күнгі жұмысымыз елу тиын күміс, ал мына Матай екеумізді өзіміздің жиен Шалтайбай түк істемеді деп жазып кетіпті,— деді Сәден.

— Мен білсем, ағылшындар ақымақ емес, оларда қарар жоқ, сұрқия жауыз... достығы да олардың ақшаға айналған, қалтасына сенетін саудагерлер ғой, осы шығып жатқан кеннің пайда-зиянын олар түсіне алады. Біздің Шалтайбай мен Шодыр нарядчиктер болса, елден шыққан ала аяқтар «алғанын ақтайды». Мына кісінің жұмыс істемейтіні рас, бірақ бізде көбінесе жұмыс істегендер «ақ ауыз» болады,— деп қорытты Сәден, шегір сарыны да азырақ қарпып өтті.

— Е, е, әділдік кентті<sup>1</sup> жерде ғой десек, бар пәле сендерде екен. Біздің Кәкен мен Еркексары болыстыққа таласып, Қараөткелде қағаздасып жатыр. Өтірік пен өсекті жүндей сабайды. Оған өзіміз үйреніп кетіппіз. Жесір дауы, жер дауы үзілмейтін бір сүргін. Бірақ, сайып келгенде, сол лаңның тақсіретін тартатындар әлсіздер, нашарлар болады, «айран ішкен құтылып, шелек жалағандар тұтыладының» кері,— деді Дүкен.

— Біз түсінбейтін әңгіме көп қой, әкей, сиқа сөзге кірісіп қаржалмаған, жүрегі таза мына оқыған жастар Сәкендер шығып тең-

дікке жетпесек — су түбіне кетеміз дағы...— деп қынжылды Сәден.

Баяғыдан бірге өскен ағалары Сәден мен Матайдың «ақ-ауыз» болғанын, Шалтайбайдың қисынсыз істеген зорлығын естіп, Сәкен толықсыды. Кірпіктерін жедел қағып, көздері жылтылдап, екі иығынан демін алды. Денесі қозғалып кетті де, Сәденге бір, Матайға бір қарады.

— Бүгін Роман Николаевич бізге: «ертең келіп, мектепті бітірген қағаздарыңды аласыңдар, сонан кейін не істемексіңдер?»— деген сұрақ қойды. Сонда Шодырдың Гришасы түрегеліп: «мен нарядчик боламын» — деді. Әркім өз ойын айтып жатты, мен үндемедім. Бәрінің сөзін де мақұлдап қысқа жауап берді де, маған қарап: «Мен білемін. Мына Сәкен Сейфуллаевич нарядчик болмайды, әлі оқиды, нарядчик Шалтайбайдікі жұмыс! — деді.— Сен ана Сәден ағаңмен ақылдас, мен сен туралы оған айтқам» — деді. Енді мен қазір ойлап-ойлап нарядчик болуға ұйғарып отырмын, Шалтайбай да көптен бері нарядчик бол, нағашы, өзім баулимын деуші еді. Сіздер қалай қарайсыңдар? — деп жас Сәкен шын ойын айтып өтті. Ашуы айығып тарқағандай болды.

— Қолыңнан келсе, жұрт қатары болғаның дұрыс қой,— деді Дүкен.

— Әкей-ау, нарядчикті дәреже көресіз бе? Ол бір құлқынын қуалаған қолшоқпар ғой. Роман Николаевич ана қарт жұмыскер «дядя Коляның» баласы. Ол Петрамбордан қуғынға ұшырап, осында жер ауып келсе керек. Әкесінің Лазарев деген бір досы болыпты. «Сом пікірлі, ұлы ойлы, көп оқыған адам еді. Сол ұстазым абақтыға түсті. Біз жер аудық. Дариға-ай, сол кісі қайда жүр екен?! «Теңдік, әділдік — ғылымда» деуші еді-ау!» — деп Романның аузының суы құриды,— деген Сәденнің сөзін бөліп жіберді Матай.

— Тегі, солар жер көктеген адамдар, бірдемені біледі «білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады» — дейді ғой, сол рас, оқысын Сәкен, жалғыз Сәкенмен жырттығымыз бүтінделмес, әліміз келген көмегімізді аямайық,— деді.

Бала Сәкен енді Лазаревті көруге ынтықты. Дядя Коляның тұңғыық терең көзі, тоттыққан суық жүзі, еңгезердей екі иығы көз алдына келді. Жапанда жалғыз аяңдаған жампоз атандай дядя Коляның тұлғасы Лазаревті бейнеледі. «Шіркін, қайда жүр екен?!» — деді Сәкен ішінен.

<sup>1</sup> Қалалы, шәһерлі.

(Соңы бар.)

# Қызыл құмның құпиясы

(Қысқартылған нұсқасы)

Суреттерін салған А. ВЯЛЬЦЕВ.

1

Қызыл құмға жаз кепті,  
Қызыл өрік гүлдепті,  
Күміс өзен тасыпты.  
Жапалақ ұшпас жапанда  
Жасыл орман — бау-бақша  
Жаз есігін ашыпты...

Анау ауыл-ақ кала,  
Ақ каладан көп бала,  
Орманды өрлей келіпті.  
Бал тіл, бағбан атаға  
«Армаңыз, — деп, — ата, аға!»  
Ізетпен сәлем беріпті.

Тәтті алма жеп дәнiккен,  
Тәтті сөзге кәніккен,  
Тартынар ма балалар:  
«Айтшы, ата, — деп, ақылды,  
Ел бастаған батырды...» —  
Аяғына оралар.



Алпысқа келген жасы бар,  
Аппақ кардай шашы бар,  
Әңгіме ата, шежіре,  
«Жоқ» деп басын шайқар  
ма?



«Жокты» аузы айтар ма?  
Өтінсе көп немере...

— Бұл бақыт бекер келген  
жок,  
Бізге біреу берген жоқ,  
Білсек ойлап, балалар.  
Жауын жеңіп жер қылып,  
Жарлыны құрап, ел қылып,  
Берген батыр бабалар.

Ей, балалар, балалар!  
Алға таман қарандар!  
Анау тұрған ақ кала,  
Көрікті үйің, мектебің —  
Гүл-бәйшешек, көктемің  
Орнапты бақшаға.

Сол каланың орнында,  
Бай қойының соңында  
Өткен менің жас күнім.  
Құм дауылмен алысып,  
Құм құйынмен қарысып,  
Кепкен менің жас гүлім...

2

Ойнаса оттай құм боран,  
Теңіздей толқып тулаған,  
Кететін кенет құм басып.

Жан-жануар сасатын,  
Шөліркеп аузын ашатын,  
Қырсыққа қырсық ұласып.

Күйдіріп құс та қанатын,  
Қуырылған құмда жанатын,  
Ысқырып жылан ыршынып...  
Киік те безіп кететін,  
Кесіртке жерді тесетін,  
Тарылып тыныс тіршілік.

Құм аяқты жандырған,  
Күн есіннен тандырған,  
Талдырма түс бесінде  
Әлде қалай жорытқан,  
Жаралы жанға жолыққан,  
Ауыр бір күн есімде:

Көңілімде сондай жатталып,  
Бүгінгідей ап-анық,  
Алдымда тұр сол жігіт.  
Солдат сары түймелі,  
Шұрық тесік шинелі,  
Қажыған өзі болдырып.

Үсті-басы сауыс қан,  
Жауымен жеке алысқан,  
Жолбарыс дерсін жаралы.  
Кеудесінде кегі бар,  
Кейіпінде сұсты лебі бар,  
Жалынды отты жанары.

Ашынып кекті намыстан,  
Желменен жортып жарыс-  
қан,  
Құмдардың кесіп жылғасын,  
Жаудан жасып ықпаған,  
Майданнан қорқып бұқпа-  
ған,  
Нар екен дерсің тұлғасын.

3

Көтеріп демеп қолтықтан,  
Су беріп сарқып торсықтан.  
Азырақ есін жинады:

Сөйлейін десе шашалып,  
Әлсін-әлсін қақалып,  
Аузына тілі симады.

Әлден уақ сыбырлап,  
(Аузы-басы жыбырлап)  
Айтты атын — «Темір» деп.  
Сонда білдім — жерлесім,  
Бірге өскен елдесім,  
Жүр екен жортып «өмір!»  
деп.

Кенет Темір бұлқынып,  
Қуат жиып жұлқынып,  
Қуаныш хабар бастады:  
«Жұмысшы болдым жол-  
да, — деп, —  
Темірші болдым — олжа...»  
деп,

Аузына тілі симады.  
(Ұзақтан із тастады.)

Чапай өзі бастаған,  
Сескеніп жаудан саспаған,  
Қосынның болдым сарбазы.  
«Жалаңаш батыр» атандық,  
Ұранымыз: бостандық!..  
Игілікті аржағы.

Жүзі күндей мейірлі,  
Чапай өзі Ленинді  
Көзіменен көріпті.  
«Бай залымды қират! —  
деп, —  
Бақытты өмір орнат!» — деп,  
Көсем мандат беріпті.

Осы бір сөз қуатты  
Жанымды жебеп оятты,  
Алдымнан бақыт жарқ етті.  
Іздеген шындық осы деп,  
Адамның Ленин досы деп,  
Көңілім толып қарқ етті.

Өмірге жаңа келгендей,  
Бақытты көзім көргендей,  
Ұмтылдым алға талпынып.  
Жүгіре бергім келеді,  
Жүгіре бергім келеді,  
Дүниені кезіп шарқ ұрып!..

4

...Келемін өстіп, келемін:  
Алып бақыт желегін,  
Желбіретіп қолымда.  
Абайсызда тұтылдым,  
Алаңсызда ұтылдым,  
Бар екен жаулар жолымда.



Қойнымда Ленин суреті,  
Қонышымда Ленин декреті —  
Қиылмас қос қанатым,  
Кесіп алмай білекті,  
Суырып алмай жүректі,  
Оны кім менен алатын?!

Көнем бе, қаштым қасарып,  
Бұғауды қиып, босанып,  
Түнді тіле жамылып.  
Төтелей жорттым түнменен,  
Арту-арту құмменен,  
Аңсаған елді сағынып.

Таңдай кеуіп шөлдедім,  
Сағымды сары көл дедім.  
Сүріне бердім, сүріне.  
Құладүзде қу тақыр,  
Құмдауытты ақ шағыл,  
Құладым жыңғыл түбіне.

Сергіп денем бекініп,  
Орнымнан тұрдым секіріп,  
Тағы жүріп келемін.  
Тас тілді, аяқ қанатты,  
Қалған ізде қан жатты,  
Әлі бітті дененің.

Қарға менен сауысқан,  
Қорқынышты дауыспен  
Алдымды орай береді.  
Көкте ұшқан қара құс,  
Көлеңкелі ала құс,  
Әлде нені сезеді.

Аржағында ана қыр,  
Аузын ашып аш қасқыр,  
О да андып келеді.  
Құлақтарын қайшылап,  
Сілекейі тамшылап,  
Бүкек-бүкек желеді.

Жабайы аңдар ішінде,  
Ашу, ыза пішінде

Мен де аң мінез долымын.  
Үш күн, үш түн нәр татпай,  
Келемін мызғып бір жатпай,  
Сәті түспей жолымның.

Алыстан көріп қаранды,  
Жаныштай басып жарамды,  
Ұмтылдым саған дамылсыз.  
Айналада ит, құс жеп,  
Арманым іште кетіп тек  
Қалам ба деп қабірсіз...

Жалғадың сен жанымды,  
Таста, құрбым, малыңды!  
Баста алға, елге тарт!  
Осы жерге айналып,  
Жау жолына байланып,  
Боп қалмайық бекер мерт...

5

Тарта бердік түнімен,  
Құмдардың жыра-жымымен.  
Қыздыра атты жазғы таң.  
Қызыл құмның белінде,  
Құйын желдің елінде  
Қиналды кеуіп шыбын жан.

Келеміз кеуіп, кебірлеп,  
Құмдарды басып тебіндеп,  
Қақтады қанды қапырық.  
Жалданып алда жатты бел,  
Ойнады оттай обыр жел,  
Құмдарды судай сапырып.



Мылқауларша ымдасып,  
Көзбенен ғана сырласып,  
Келеміз, ілбіп келеміз.  
Келе ме әлде жер тартып,  
Қойғандай бойға тас артып,  
Ауырлай беред денеміз.

5



Қызарып күн батарда,  
«Күйік тастан» асарда,  
Құлады Темір қаба құм.  
«Өртеніп барад өзегім,  
Өзенің қайда, өзенің?..  
Су! — деді,— маған бір  
жұтым!»

Сырғып аққан сағым су,  
Әлде өзен, әлде бу?!  
Арбаған бізді, алдаған.  
Алда бар білем бір құдық,  
Құпия құдық, сыр құдық,  
Талайлар жүрек жалғаған...

Құмның астын қуалай,  
Қуанта салқын көк орай,  
Құдыққа келдік ентелеп.  
Қасақана қағынып,  
Қалын көрпе жамылып,  
Құдықты қапты құм бөлеп.

Күйіп кеттім ыршынып,  
Қаздым құмды құлшынып,  
Қаздым тырнап, тістелеп.  
Қанады, сынды тырнағым,

Қарамадым, тынбадым,  
Тастапты жел еспелеп.

6

Сол сағатта ыңырсып,  
Нақ шаншудай суық, тік.  
Естілді ауыр үн:  
— «Кел, кел мұнда, кел  
мұнда!  
Менен соңғы сөз тыңда!  
Біттім,— деді,— бауырым!..»

Қойынынан ап маған  
Бой тұмардай сақтаған,  
Беріп шағын түйіншек:  
«Ал мынаны, ашып көр!  
Елге апарып оқып бер,  
Естісін ел ізгі леп.

Сақтадым мұны жанымдай,  
Иманымдай, арымдай,  
Арманымдай ардақтап.  
Бірі Ленин суреті!  
Бірі Ленин декреті!  
Байдан беред жерінді ап!..»

...Қолымда Ленин суреті,  
Қойнымда Ленин декреті  
Көңілге құйды күш, кайрат:  
Жасып қалған жігерді  
Жанып -жанып жіберді,  
Тасып кетті күш қайнап.

Тағы терім төгілді..  
Құдық, қақпақ көрінді.  
Киіз жапқан тұмшалап.  
Ашып қалдым айқара,  
Көзім түсті «айнаға» —  
Көгілдір салқын, айтабақ.

— Темір, Темір, су! — деймін,  
Аузың шай, бетің жу,—  
деймін.

Темірде үн жоқ.  
Өліпті.  
Сұры солып етінің,  
Көркі кетіп бетінің,  
Көзінің нұры сөніпті.

Су септім, шын өкіндім,  
Айқайладым, өкірдім,  
Есітер ме өлген жан?!  
Құм ыстығы басылып,  
Көңілім удай ашынып,  
Құлазыды айналам.




7

Сол құдықтың басына,  
Топ жыңғылдың қасына,  
Темірді қойдым түнделеп.  
Құм қайнаған жапанда,  
Жалғыз тұрды жас мола,  
Қап-қараңғы түн бөлеп.

Келе жатты таң атып,  
Кете бардым құм асып,  
Аға берді ащы жас.  
Жүрегін беріп қолыма,  
Жарық қыл деп жолыңа,  
Қала берді қайран жас...

Өтебай Тұрманжанов.





# Сәлім

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

(Бір көріністі пьеса)

Қатынасушылар:

Сәлім — 3-кластың оқушысы.

Мағи — 7-кластың оқушысы.

Сақып — бұлардың шешесі.

Қарлығаш — отряд вожатыйы, Мағи мен бірге оқиды.

Кен, жарық бөлме. Ортада үлкен стол. Оң жақтағы терезенің алдына және бір кішірек стол қойылған. Бұл — Сәлімнің сабаққа әзірленетін орны. Сол жақтан екінші бөлменің есігі ашылықырап көрініп тұр. Шымылдық ашылғанда, Мағи терезеден қарап тұрады.

Мағи (дауыстап). Мама, Сәлім бүгін де сау емес, тағы да «екіні» арқалап келе жатыр. Жүрісіне, аяқ басысына манадан қарап тұрмын. Өте көңілсіз... Келіп қаранызшы өзіңіз.

Сақып (екінші бөлмеден шығып келе жатып). Қазір, қазір (терезеден қарайды). Иә, көңілсіз ғой өзі. Мүмкін, бір жері ауырған шығар...

Мағи. Ешқандай ауруы жоқ. Сәлімнің сыры мәлім маған. Ол сабақтан жаман алған күні дәл осылай өтірік тұнжырап қайтады.

Сақып. Өтірігі емес, шыны болар. Жаман баға алу деген жақсы атақ емес. Қиналмайды деймісін?!

Мағи. Қиналмайды! Ұялмайды ол! Ұяты болса, неге жақсы оқымайды. (терезеден қарап) Қарашы өзінің дәл үйге жақында-

ғанда өтірік тұнжырай қалғанын... Осыдан бірақ «екің» болсын! Сыбағанды тартқызымын!..

Сақып. Қызым, ашуланба. Әуелі дұрыстап тамағын ішіп алсын. Дәптерлерін содан кейін екеулеп тексерерміз... Мен тамағын тезірек әзірлей қояйын.

(Шығып кетеді. Мағи оның соңынан екінші бөлменің есігін тақап жауып қояды.)

Мағи (тістеніп, жұдырығын түйіп). Осыдан бірақ «екі» алып кел!

(Сыртқы есікті сықырлатып ақырын ғана ашып, Сәлім кіреді. Ол өзіне түсін суытып тесіле қараған Мағидан тайсақтап, есік алдында қинақтап тұрып қалады).

Мағи. (бұйырып.) Бері жүр! Аш портфелінді. Көрсет күнделігінді!

Сәлім (күмілжіп). Күнделікке бүгін ештеме қойған жоқ.

Мағи. Сонда да көремін. Бері әкел!

(Сәлім портфелін селқос ашып, күнделігін қиналып алып береді).

Сәлім. Мә... Мейлің көре бер (теріс айналады).

Мағи (күнделікті тез ақтарып қарап, Сәлімді иығынан тартып қалып). Мынау не?



Сәлім. Қайсы?  
Мағи (саусағымен нұқып көрсетіп).  
Мынау имиіп тұрған не деймін?

Сәлім. Екілік.

Мағи. Мә саған екілік! (Сәлімді жаққа тартып қалады).

Сәлім. (бар даусымен шыңғырып).  
Ба — а..

Сақып (кіре беріп). Бұ не болды сендерге?

Сәлім (Мағиды нұсқап). Мынау....

Мағи. (Сәлімді нұсқап) Анау... тағыда арифметикадан жаман алып келіпті, ұятсыз. Онысымен қоймай, өтірік айтып, мені алдап.

Сақып. Жә, қойындар. (Қызына) Әлгінде не деп едім өзіне, ескертіп едім ғой. (ұлына) Жетер! Солқылдама, өтірік айтуды кім үйретті саған?!

Сәлім. Мен өтірік айтайын дегенім жоқ. Өзі...

Сақып. Жә, қысқарт сөзді. Беті-қолыңды тез жу да, анау бөлмеге барып, тамағыңды іш.



(Сәлім шығады. Мағи оған көзінің қиығымен жақтырмай қарайды).

Мағи. Мама, айтыңызшы өзіңіз, не істеу керек осыған? Ақыл айтсам тындамайды, ұрыссам, кемсеңдеп жылай бастайды. Кісінің ашуын келтіреді.

Сақып. Ал сен оған ашуланба. Ашуыңды ақылға жеңгіз. Сабырлы бол. Осы сөзді ылғи айтамын ғой саған. Сәлімнің қасына жуып кетсең болғаны, оны жылатасың да қоясың.

Мағи. Үйреткенімді ұқпайды. Сосын ызаланбай қайтейін.

Сақып. Менің үйреткенімді жақсы ұға-

ды. (Түрегеліп, киімін түзеп, сыртқа шығуға ыңғайланады).

Мағи. Мама, сіз қайда барасыз?

Сақып. Мектепке... Сәлімнің класс жетекшісімен ақылдасып келемін.

Мағи. Сіз келгенше Сәлімді үйден шығармайын ба?

Сақып. Тамағын ішкен соң, демалсын.

Мағи. Жарайды.

(Сақып шығып кетеді. Мағи Сәлімнің қағаз-дәптерлерін түгел ақтарып қарап шығады. Інісін дауыстап шақырады).

Сәлім. (есікті ашып, аузын толтырып нан шайнап тұрып). Ау... не-ме-не?

Мағи. Асыңды ішіп болдың ба?

Сәлім. Болдым.

Мағи. Бері кел. Мына оп-оңай есепті қалай қате шығарғансың?

Сәлім. Қайсы?

Мағи. Алты жерде тоғыз қырық төрт деп жазыпсың ғой, міне. Әлі күнге дейін көбейту кестесін білмейсің бе?

Сәлім. Білемін.

Мағи. Білсең айтшы, алты жерде тоғызым нешеу?

Сәлім. Қырық төрт.

Мағи. Өй, су ми! Мұғалім сенің қырық төртінді қызыл сиямен бір сызып, дәл қасына елу төрт деп жазып қойыпты ғой. Соны көрмедің бе?

Сәлім. Қайсы? Кәнекей?

Мағи. Міне тұр... Ал жеті жерде жетім нешеу? Соны айтшы.

Сәлім. (ойланып). Жеті жерде жетім... Жеті жерде бесім отыз бес, сонда жеті жерде жетім...

Мағи. (асықтырып). Болсаңшы, енді қашан!

Сәлім. Қазір айтамын. (ойланып). Жеті жерде жетім...

(Осы кезде есік ашылып, бөлмеге Қарлығаш кіреді).

Қарлығаш. Сәлеметсіздер ме?

Мағи. (қуанып) Оho! Қарлығаш! Жоғары шық.

Сәлім. Жеті жерде жетім...

Қарлығаш. Сәлім, не санап тұрсың?

Мағи. Жеті жерде жетінің қырық төрт



екенін білмей тұр. Есеп сабағынан бір түзелмей қойды, бүгін тағы да «екі» алып келді.

*(Сәлім ұялып, екінші бөлмеге кетіп қалады).*

Қарлығаш. «Екі» алғанын білемін.

Мағи. Білсең сол... Осындай қылығына қалай ренжімессің.

Қарлығаш. Сен оның қандай себептен нашар оқып жүргенін байқадың ба?

Мағи. Жақсылап дайындалмайды сабаққа... Ұқпайды. Себебі сол.

Қарлығаш. Бұл сөзіне қосылмаймын. Өзін ойласаңшы. Сәлім бұрын сабақты жап-жақсы үлгіріп жүрген жоқ па еді. Кейінгі уақытта ғана нашарлап кетті. Менімше, мұның бір себебі бар...

Мағи. Білмеймін...

Қарлығаш. Мамаң білуге тиіс. Мен сол кісімен сөйлескелі келіп едім.

Мағи. Мектепке кеткен, қазір келеді.

Қарлығаш. Күтемін... *(кенет сұрау қойып)*. Сен ініңнің мінезін жақсы білесің бе?

Мағи. Иә...

Қарлығаш. Оның неге құмар екенін білесің бе?

Мағи. Жоқ.

Қарлығаш. *(ойланып)*. Мен Сәлімнің соңғы кезде сабақтан не себепті әлсіреп кеткенін енді сезе бастадым...

Мағи. Қалай?

Қарлығаш. Сәлімнің ағаштан шауып жасаған ойыншықтарын көрдің бе өзің? Біз бұларды мереке күні мектепте ашылатын көрмеге қойғалы отырмыз. Ол, міне, осыған бар ықыласын аударған да, оқуды ақсатып алған.

Мағи. Мен білгенім жоқ.

Қарлығаш. Білмесең сол. Енді біз оның сабақ әзірленуіне көмектесуіміз керек.

Мағи. Әрине.

Қарлығаш. Тоқсанның аяғында Сәлімде «екі» түгіл, «үш» деген баға болмайды.

Мағи. Бұл мүмкін бе?

Қарлығаш. Мүмкін. Біз айтқан уәдемізді орындап шығамыз.

Мағи. Ол қандай уәде?

Қарлығаш. Біздің отрядтын оқушылары кеше жиналыста сөз берді. Тоқсанның қортындысында ешбір оқушыда ешқандай сабақтан, ешқашан «үш» деген баға болмауы керек!

Мағи. Өте тамаша! Бірақ... бірақ, Сәлім ілесе алмайды оларға.

Қарлығаш. Біз жәрдемдесеміз! Мамаң жәрдемдеседі! Отряд жәрдемдеседі! Содан соң Сәлім жақсы оқитындар қатарына қосылады.

Мағи. *(қуанып)*. Онда өте жақсы болар еді.

Қарлығаш. Ал, сен бұдан былай Сәлімге ашуланып, ұрып-зекуші болма. Бұдан пайда жоқ.

Мағи. Мамам да осылай деуші еді.

Қарлығаш. Қелістік пе?

Мағи. Иә. Бұдан былай ашуланбайтын боламын.

*(Дауыстан)*. Сәлім... әу, Сәлім!... Бері келші!

*(Аяғын мұңая басып Сәлім кіреді. Мағи жүгіріп барып, інісін құшақтай алып, бетінен сүйеді. Қарлығаш күлімсирейді. Сәлім аңтаң қалады).*

Шымылдық.

Н. Ғабдуллин.





П. Махмудов.

## ШОҚ ГҮЛ

Әңгіме

Қонақтарды балалар атынан құттықтап, гүл тапсыру Адхамға жүктелген еді. Құттықтау сөзін ол бір күн жазды. Вожатыйға көрсетіп еді, ол «жақсы, қысқа, татымды ғана болыпты» деп мақтады. Танертен тұрып, оны жаттап та алды. Шайын тез-тез ішті де, ақ жібек көйлегін киді. Үтіктелген галстугін тағып, мектепке жөнелді... Басқа балалар да дер кезінде келіп жеткен екен. Төрдегі столға қызыл шұға жабылып, оның үстіне бір шоқ гүл қойылды. Сырттан аяқ тысыры естілісімен-ақ балалардың біреуі: «Әне, келе жатыр». — деді. Әрқайсысы орын-орнына отырыса қалды. Адхам галстугін жөндеп, есік жаққа қарады.

Класка Уәли кірді.

— Келмейтін болды...

— Неге?

— Ағайым ауру, — деді ол. — Лев атай... Лев атай болса... бір тығыз жұмыспен ауданға кетіпті.

Барлығының алып ұшқан жүрегі су сепкендей басылып, тауы қайтып қалды. Шәкірді айтсайшы, ол тіпті жылап жіберуге аз-ақ тұр. Өздерін ойлап қарандаршы, бір апта бойы зарығып күткен кездесу болмай қалған соң, ренжімей қайтсін.

Адхам, енді не істейміз дегендей, есік алдында қолын қалтасына салып тұрған Уәлиге қарады.

— Басқа күні-ақ өткізерміз. Дәл бүгін өткізу шарт па осы? — деді Уәли балаларға көз қырын тастап.

Адхам стол үстіндегі шоқ гүлді газетке орап Уәлиге ұсынды.

— Олай болса, біздің атымыздан ағанның көнілін сұра. Жоқ, осы... одан да үш-төртеуіміз кіріп шықсақ қайтеді? Не дейсін бұған, Уәли?


— Жоқ... жоқ... — деп, Уәли артқа қарай шегінді және Адхамның жолын бөгеп қалғысы келгендей, есіктің тұтқасын мықтап ұстап алды.

— Ағайымның тұла бойы күйіп-жанып жатыр... Мен өзім... Мен өзім-ақ айтайын...

Балалар үйлеріне тарқай бастады. Адхам қызым шұға мен вазаны тапсырып, барлығынан кейін шықты. Ол үлкен көшеден өтіп, бұрыштан айнала бергенде, арық ішінде жатқан шоқ гүлді көріп тоқтай қалды. Қолына алып қараса, әлгі гүлдің дәл өзі. Адхамның көзі шатынап кетті. Ешнәрсеге түсіне алмай аң-таң боп, арық бойындағы үлкен тасқа кеп отырды. «Уәли неге тастап кетті екен, үйге алып баруға ұялды ма екен? Несіне ұялады, бұл балалардың сыйы емес пе?»

### Есінде сақта әрқашан!

Ас ішер алдында қолыңды жу.



Тамақ ішіп отырып кітап оқыма.

Адхам ойлап-ойлап анығына жете алмай, ертеңіне класс жетекшісі, ана тілі оқытушысы Айша апайға болған оқиғаны айтып берді. Айша апай алдындағы бір топ дәптерді шетке сырып қойып:

— Айтып отырғаның шын ба? Мүмкін, басқа гүл шығар? — деді.

— Жок, өзім буған гүл шоғын білмей, маған бірдене көрініп пе?

— Қызық екен! Кездесуді өткізуге кім ұсыныс жасап еді?

— Өзі... Отряд жиналысында. Оның ағасы мақта тергіш машина жасайтын заводта істейді. Лев атай да сонда. Жақында газетте екеуінің суреті шыққан. Оны бізге өзі әкеліп көрсетті. Сонда олармен кездесу өткізсек қайтеді деген еді. Барлығымыз келіскенбіз. Бұны іске асыруды Уәлидің өзіне тапсырдық. Ол ертеңіне-ақ ағайым мен Лев атайға айтып келдім. Сенбі күні келетін болды деген еді. Енді сенбі күні осылай боп отыр.

— Мұнысы дұрыс болмаған,— деді Айша апай ренжіп.

Сабақ басталды. Айша апай балаларды түгендеп болған соң, Уәлиді тақтаға шақырды. Уәлидің жүрегі су ете қалды.

— Үйге берген тапсырманы орындап келдің бе? Кәне бір сөйлем құрастырып, тақтаға жазшы.

Уәли мысал таба алмаған соң, балаларға жалтақ-жалтақ қарады.

— Уәлиге кім көмектеседі?

— Мен.

— Кәне, Адхам.

Адхам орнынан тұрды.

— «Қорқақ өтірік сөйлейді».

— Жақсы... иә... неге жазбай тұрсың, Уәли?

Уәли Адхамға тесіліп қарап тұр екен, оқытушының сөзінен селк ете түсті.

— Меніңше... Меніңше... Мағнасы тура емес,— деді міңгірлеп ол.

— Неге?

— Өтірік сөйлеген адамның... барлығы қорқақ бола бермейді.



— Міне қызық,— деді Айша апай,— меніңше, Адхамның айтқаны дұрыс. Өтірік айтқан адам, әрине, қорқақ болады. Қорқақ адам кілең өтірік айтады.


Уәлидің көзі тұнып кетті.

Ертеңіне сабақ басталғанда, класка Айша апай мен Уәлидің ағасы Сәлім кіріп келді. Барлығы Уәлиге жалт қарады.

— Ағайым ауру деп өтірікті судыратқан екенсің ғой, ә! — деді Адхам,— жаман бағаларынды үйдегілер біліп қояды деп қорыққан екенсің ғой, қорқақ!

— Жоқ, мен... мен... қорқақ емеспін,— Уәлидің қалың ерні дірілдеп кетті.— Мен барлығын ағайыма айтып бердім.

Өзбекшеден аударған Б. Саурықова.



Қол ұсынып амандасқан кісінің қолын қатты қыспа.



Аяғыңды бірінің үстіне бірін қойып, шалқайып отырма.

## БҰЛАРДЫ ЖАСАҒАН

Фотоочерк



тамашалар тудыратын да солар. Қазір біздің елімізде жүздеген жас техниктер станциясы бар. Оларға миллионнан аса жас шеберлер қатнасады.

Мінекей, қарандаршы, өздеріңнің құрбыларың жасаған макетке (1 сурет). Қандай тамаша! Бала қиялы неткен ғажап! Болашақта іске асатын арман емес пе бұл. Ертең әлі-ақ осы суреттегідей космодромнан планетааралық алып кемеңің айға сапар шекпесіне кім кепіл. Макетті жасаған Перм облысындағы Кизел қаласының жас техниктерінің айға ұшатын кемеңің алғашқы ұшқыштары болмасына кім кепіл. Бұл макетті балалар «Фантазия» деп атаған. Жас техниктердің бұл макеті қазір Бүкілодақтық Халық шаруашылығының жетістіктері көрмесінде тұр.

Коммунизмнің болашақ құрылысшылары — совет елінің жас ұландары арасында он саусағынан өнер тамған шеберлер көп. Оларды жұрт «жас шеберлер» дейді. Келешекте керемет автомат машиналардың тізгінін ұстайтын да, алып кеме жасап, айға сапар шегетін де, кибернетика саласында талай



## СЕН БІЛЕСІҢ

Әр жазда бір үйір ара ұясына 20 килограмм гүл тозаңдарын тасиды.

Бір кило бал жинау үшін бір үйір ара 120—150 рет ұшып, 5 миллион гүлге қонуы керек.

Ара, жүксіз, сағатына 65 километрге шейін ұша алады. Егер араның күші мен азығы жетсе, ол жер шарын 25 тәулікте айналып шығар еді.

\*\*\*

Москвадан Владивостокқа және одан Москваға қайта оралу үшін бір паровозға 500 тоннадан артық көмір кетеді. Дәл осы жолды өту үшін электровозға 170 тонна көмір қуаты жұмсалады.

\*\*\*

Егер Гималай тауының тасы мен топырағын түбіне шейін қопарып, бүкіл жер жүзіне тегіс етіп жайса, жердің үстіңгі қабаты 18—20 метр қалыңдар еді.

\*\*\*

Жерорта теңізіндегі Корсика аралының, соңғы 80 жыл ішінде, шығысқа қарай 10—12 километр жылжығаны анықталған.

\*\*\*

1957 жылы солтүстік полюста 74,5 градус суық болған, одан бұрынғы және соңғы зерттеулердің көрсеткіштеріне сүйене отырып, ғалымдар Антарктидада 80—85 градустан артық суық болмайды деген қортындыға келген. Бірақ, кейін, 1958 жылдың август айында

# ЖАС ШЕБЕРЛЕР

Суреттерді салған С. КАРАСЕВ.

Ал мынау екінші суреттегі «Малютка» автотомобилі. Суретіне қарап кішкентай демендер. Өзінде он аттың күші бар. Екі орынды. Ұзындығы 290 см, көлденеңі 120 см, биіктігі 70 см, салмағы 250 кг, сағатына 45—50 км жер жүреді. Автомобильді В. А. Кобер, В. С. Сеславинский жолдастардың басқаруымен Қарағанды облысының Сарань қаласындағы жас шеберлер жасаған.

Үшінші суреттегі кішкене мотороллер. Сырт қарағанда, баланың ойыншығы сияқты. Жоқ, бұл механизмдері бар, жүріп кетсе, сағатына 25—30 км жер алатын мотороллер. Мұны Алматы қаласындағы жас техниктер станциясының жас шеберлері Анатолий Моторин, Леонид Шаманский жасаған. «Мен де осындай мотороллер жасап алсам!!» — дейді көрмеге Қарақалпақстаннан келген

## БЕ?

Антарктидада суықтың 87,4 градусқа шейін төмендегеніне қарап совет ғалымы Е. М. Добрышман жер жүзінде суық 90—92 градустан аспауға тиіс деген қортынды шығарады.

\* \* \*

Орта және Солтүстік Американың теңіздері мен суы тұщы көлдерінде төрт көзді балықтар кездеседі. Бұлар суда жүзгенде екі көзі судың үстіңгі жағында болады да, төменгі екі көзі судың ішінде қалады. Сондықтан да, мұндай балықтар бір мезгілде әрі судағыны, әрі ауадағыны көре алады.

\* \* \*


Егерде ауада ұшып жүрген шаңдардың бәрін жинауға мүмкіншілік болса, сол жиналған шаңнан биіктігі 180 метрлі куб жасауға болар еді.

\* \* \*

Су қатқанда, судың қатты қысымынан пайда болған мұз тек 82 градус ыстыққа ғана ериді. Сондықтан да, мұндай мұзды ыстық мұз деп атайды.

\* \* \*


Поляр аюларының басқа аюлардан бір ерекшелігі, олардың табанында жиі өскен, қалың түктері болады. Бұл түктер аюды жылтыр, тайғақ мұздар үстінде жүрсе де тайғызбайды.



3

Сталин атындағы орта мектептің оқушысы Абдиров Пушкин.

Автомат — біздің дәуіріміздің қанаты. Сан алуан қиын жұмыстар автомат машиналар арқылы әрі тез, әрі сапалы істелетін болады. Жас шеберлер автомат машиналарын жасауға да талпынуда. Мына төртінші суретке қараңдаршы. Бұл — фотоесепші деп аталады. Фотоесепші конвейерде дайын болған заттарды санайды, фотоэлемент негізінде жұмыс істейді. Мұны Свердловск қаласындағы 79 мектептің 7-класс оқушысы Володя Барков жасаған.



4



(Соңы. Басы өткен санда).

# КҰПИЯ

Әңгіме

Суреттерін салған А. ВЯЛЬЦЕВ.

4

Енді қайтадан жаңа модель жасамаска ылажым болмады. Бірнеше күн бойы қатырма қағаз іздеумен әуре болдым, бірақ, еш жерден табылмады. Сонан соң автомобилнің моделін інімнің сындырып тастағанын апам айттым. Апам, «бұл көп шығын емес қой» деді де, маған қатырма қағаз әкеп берді. Бірақ, бұл қағазы тым жұқа екен, уқаланып, майыса берді, ештеңеге жарамайтын болды. Әй, жаным ышқынды-ау! Егерде, ісімнің бәрі осындай өнімсіз болса, онда Бірінші автозаводқа моделімді қашан жібермекпін деп қиналдым.

Бірақ, бір ғажабы — біздің звенодағы балалар кейінгі кезде менімен сөйлесе кетсе болғаны, тек автомобильдің моделі жайында ғана сөз қозғайды, бейнебір менің құпиямды солар біліп қойған сияқты. Бір жолы звено бастығы мені тоқтатып алып:

— Сен, шамасы, бірдеңе жасап жүрсін ғой деймін? Егерде, құралдарың жетпесе, біз саған көмектесейік, — деді.

Алайда, мен тағы да өткен жолғыдай, сыр бере қойғаным жоқ.

— Дәнеңе жасап жатқаным жоқ. Маған ешкімнің көмегі керек емес, — деп жауап бердім.

Тіпті, звено бастығының көмекшісі де, ештеңе білмеген адамға ұқсап, қосарланып қалмады.

— Саған қатырма қағаздың керегі жоқ па? Бізде бар. Мүмкін, басқа да бірденелер жетпейтін шығар? Ойланып, оларды да табуға болады, — деді.

«Мәссаған, безгелдек! Маған нелер керек екенін де олар біліп қойған?..» Мен саскалақтап, не деп жауап берерге де білмедім. Бірақ, үндемей тұрдым да, дегенмен:

— Мен тіпті ештеңе жасап жүргенім жоқ. Сендердің қатырма қағаздарыңның маған қажеті қанша? — деп жауап бердім.

Балалар бір-біріне қарасты. Олар, мейіміне, бірдеңе сезетін сияқты. Олар күліп жіберуге таяп тұрғанын сезсем де, мен дым білмеген адамға ұқсап, жүз жанбадым.

«Менің құпиямды айтып қойған бұл кім екен ә? Және осындай өзім қиналған шақта... Мейлі, не істесе, ол істесін, бәрібір, мен олардан көмек тілемеймін».

5

Бүгін бір тамаша оқиға болды: апам маған керек материалдың бәрін әкеп берді. Әсіресе, оның ішінен өзім күні-түні ойлап, шарқ ұрып іздесем де, таба алмай қойған дөңгелектерді көргенде, қуанышым қойныма сыймады. Ол қуанышымды мен бүгіп қала алмадым. Апамның қолын қысып, аймалап, бар алғысымды жаудырып жатырмын:

— Мейірімді апажаным, қадірлі апажаным, рахмет саған, апажан, көп рахмет! — дедім.

Ал, апам күлімдеп:

— Сен рахметіңді маған айтуға тиіс емессің. Бұның бәрін маған басқа біреулер берді, — деді.

— Басқа біреулер, ол қалай? Олар кім? — деп мен жалма-жан сұрай бастадым.


— Өзің ойлап тапшы, — деп апам шынның айтқысы келмеді.

Сонан соң мен білгенімнің бәрін тізіп айта бердім. Алдымен ағамды атадым. Апам басын шайқады. Әжем? Тағы да басын шайқады. Немере ағам болғаны ма? Апам құр тек күліп:

— Неге сен ылғи туыстарыңды ғана атайсың? Көмектескендер, өзің сияқты балалар, олар да пионерлер. Өздері көп. Сен жоқта, олар маған үйге де жиі келіп кетеді, мектепте не істеп жүргендерін айтып тұрады. Енді міне, саған менің қатырма қағаз іздеп, дөңгелектер іздеп жүргенімді естіп, бұларды солар әкеп берді, — деді.



Пионерлердің арасында апамның да достары болғаны ма? Бұны менің білмегенім қалай? Мінекей, нағыз құпия сыр деп осыны айт! Сыр сақтасаң, осылай сақта! Бірақ, ол балалар кім екен? Біздің звенодағылар ма екен? Жоқ, мүмкін емес, тіпті мүмкін емес, олармен ренжісіп қалдым ғой. Мүмкін, басқа класта оқитын біреулер шығар? Бірақ, олар бұрын ешуақытта біздің үйге кіріп көрген жоқ еді ғой! О, таптым? Әрине, солай, бұлар інім оқитын мектептің балалары болды. Бір жолы, апамның ол мектепке баруы сол еді, балалар бүкіл класс болып оны үйіне дейін шығарып салған. Апам оларға рахмет айтып, отырып шай ішіндер деп еді, бірақ, олар көнуші ме еді!.. Қандай тамаша балалар, ә! Анам мен ініме қамкор болу былай тұрсын, тіпті маған да керек материалдарымды әкеп берді. Ал, мен болсам, оларға алғыс та айтпаппын!



— Достарыңмен мені таныстыршы. Әлі күнге менің оларды білмей жүргенім қалай? — деп апамна жалына бастадым.

Апамның да күткені осы болу керек.

— Жарайды, таныстырайын. Сен модельді жасап бітір, сонан соң оларды модельді көрсетуге шақырайық. Бірақта, сен оларға ренжіп жүрме,— деді апам.

— О не дегенің! Мен оларға не деп ренжимін? Қайта мен ұялып отырмын. Олар маған сондайлық жақсылық жасады, ал, мен болсам, сол үшін, алғыс та айтқаным жоқ.

— Жарайды, осы сөзіңді есіңнен шығарма.

Бұдан әрі апам маған ештеңе деген жоқ.

Мен бір түрлі қайран қалдым. Бұл қалай? Апамның бүгін маған бұлай дегені несі? Достан қашатын мен сондайлық ақымақ па едім?

6

Ура! Жеңіс болды! Автомобиль моделі бітті!

Сенің келіп көргің келмеді ғой? Менің моделім, универмагтан сатып алған ойыншық автомобильден бір де кем емес. Магазиндікі, рас, кузовы көк, дөңгелектері сырланған аппақ, әдемі ғой, бір-ақ менің модельім өте мықты. Саусағыңмен бұрап қалсаң, дырылдап қоя береді! Егерде, осы модельді жүз есе үлкейтсе, ішіне қанша жүк сиятынын, білесің бе!

Иә, сен қалай ойлайсың: мен өзімнің модельді Чанчуньге жіберсем, Бірінші автозаводтың жұмысшылары бұған не дер еді?

Ал, мұным оларға ұнамаса қайтем? Оны айтып олар маған хат жаза ма, жоқ па?

О-о! Апам келе жатыр. Қазір ол мені өзінің достарымен таныстырады. Модельді тезірек бір көрнекті жерге қою керек, галстугімді де жөндеп, шашымды тарайын...

7

Міне, қызық! Басқасы басқа, бірақ, дәл мұны күткен жоқ едім!

Әуелі апам, оның соңынан бүкіл біздің звеноның балалары кіріп келді!

Олар үйге кірер-кірместен-ақ, колдарын бұлғап:

— Сюй Сяо-хуа, біз сенің автомобиліңнің моделін көруге келдік! — деді.

Мен қатып тұрдым да қалдым. Апамның досы осылар болғаны ма? Інім мен апамды үйге әкеп салған балалар қайда?

Ал, апам, ештеңе білмеген адамға ұқсап, мені жетектеп әкеп, оларға таныстыра бастады:

— Мынау менің балам, Сюй Сяо-хуа. Танысып қойындар!..

Балалар кенет күліп жіберді.

Ал, апам, әлде мұны аңғармады ма, әлде басқа бір ойы болды ма, әйтеуір, маған оларды көрсетіп:

— Мынау менің достарым. Сен бұлармен таныспақшы болған жоқ па ең? Саған модельге дөңгелектер мен катырма қағазды берген осылар. Бұлар біздікіне жиі келіп, сені ылғи сұрап жүрді. Саған мен арқылы көмек беруді де ойлап тапқан осылар. Ал, енді таныссайшы.

Балалар тағы да қарқылдап күлді. Міне, енді олар мені қоршап алып, бірі құшақ-

тап, бірі аркамнан қағып, енді бірі қолымды қатты қысып, сілкілей бастады. Үйді бастарына көтере айқайлағандары соншалық, менің құлағым тұнды.

— Сен бізге әлі ренжіп жүрсің бе? Ренжіме. Біз кашанда тату ек қой! Қайта біз саған жөндеп көмектесе алмадық.

— Біз...

— Сюй Сяо-хуа, өткенді еске алып қайтеміз.— деді звено бастығы менің қолымды алып.

— Біз бәріміз де өзара дос, жолдаспыз. Ал, о жолы болған оқиғаға бәріміз де кінәліміз. Сен қайда барып, кашан келетіңді шатастырып алдың, мен де саған анықтап айтып, түсіндімедім.

Бұл сөздердің маған қажеті қанша!

Шынын айтқанда, бастапқыда менің әлі де ренішім таркамаған еді, оны былай қойғанда, тіпті модельдің солардың көмегімен біткеніне де қатты өкіндім. Алайда, артынан, «бұл модельге керек нәрсені табу үшін олар да біраз киналды ғой, егерде, бұлар жәрдемдеспесе, мен модельді бітіре де алмас едім» деген ой келіп, сабырлық жасадым. Оның үстіне, бәрі бірдей менің табысыма қуанып тұр, ал звено бастығы болса, ол тіпті өзінің қатесін де мойындады... Бұдан артық не деуге болады? Ал, менің өзім ше? Звеномен ренжіскен менің өзім емес пе? Не ойлап істеп жүргенімді де айтпай жасырған өзім ғой? Мен жасырғанмен,

олар мұны баяғыда біліп қойыпты. Менің қысылғаным соншалық, олардың алдында қып-қызыл боп ұялдым.

Сөз жоқ: звено жәрдем етпесе, модель бітпейтін еді. Шынында да, коллективсіз ештеңе істеуге болмайды екен!

Көзіме жас келіп қалды... Енді болмаса, жылап жіберетін едім.

Әйтеуір, дес бергенде, апамның себеі тиді.

— Сяо-хуа, сен балаларға моделінді неге көрсетпей тұрсың? Шешене келген қонақтарға осылай карауға бола ма? — деді.

Балалар күліп жіберді. Олар күлген соң, мен де күлдім. Бұдан кейінгісін саған қалай айтуға болады? Мен автомобиль моделін әкелу үшін, бөлмеме тұра жүгірдім.

## 8

Мұның акыры немен тынғанын білгін келе ме? Хатымда айтпасам да, өзің болжап біліп отырған шығарсың.

Жалғыз-ақ, бір-ақ нәрсені айтайын саған. Мен артынан, шынымен-ақ, Бірінші автомобиль заводының жұмысшыларынан хат алдым. Бірақ, бұл жеке менің өзіме жазылған хат емес, өзіміздің бүкіл звеноға арнап жазылған хат екен. Неге звеноға жазылған дейсің ғой? Оны сен өзің ойлап тап. Бұл құпия.

Аударған Р. Есілұлы.

### Жас талапкерлер творчествосы.

#### ӘЖЕ ҚУАНЫШЫ

— Дәу жігітсің енді өзің,  
Тәй-тәй басып жүрші бір.  
Мәз боп қалсын кәрі әжең,  
Күлші, күнім, күлші, күл.  
Кеше ғана үілдеп,  
Жатушы едің бесікте.  
Бір тұрып, бір сүрініп,  
Жеттің төрден есікке.  
Қала ма деп жығылып,  
Отыр едім алаң боп.  
Қалт-құлт етіп тік жүріп,  
Кеттің, бөпем, адам боп.  
Апыл-тапыл бір басып,  
Жүргеніңнен айналдым.  
Жанарыңнан нұр шашып,  
Күлгеніңнен айналдым.

Өкім Жайлауов.

#### КІМ КҮШТІ

Мықты болсаң, қара бұлт,  
Шың қабағын баспас ең!  
Көк төсіңде жаралып,  
Қалай қондың тасқа сен?

Қайсар десе сенем бе,  
Ұялмайсың жылаудан.  
Іркілмеші төбемде  
Керуендей жүгі ауған.

Аттай алмай тау-қырдан,  
Шүйіліп кеп төнесің.  
Өзің қашып дауылдан,  
Кімді қуып келесің!!

Ж. Нәжімеденов.

#### ЖИРАФ

Бізбен бірге оқитын  
Есен деген бала бар.  
«Бәрімізден мойны ұзын  
Жираф» — дейді балалар.  
Диктант яки есептен  
Болса жазу жұмысы,  
Мойнын созып Есекең,  
Кетеді әбден тынышы.  
Түгел шолып сол маңды,  
Үлгереді көшіріп.  
Содан жираф атанды  
Өз есімін өшіріп.

Қ. Ибраимов.

## „ӘРҚАШАН ДА АЛДА БОЛ, ҚҰЛЫНЫМ!“

Күлән әже әлде қандай бір дүрсілден оянып кетті. Таң атып, күн шығыпты. Үй іші мол сәулеге бөленген, жап-жарық. Ашық терезеден қоңыр самал есіп тұр.

Әлгі дүрсіл тағы да қайталады. Күлән әже жастықтан басын көтеріп алды. Дүрсілді ат тұяғының дыбысына жорып, Қарақұмда мал басында жүрген баласын келіп қалды ма деп ойлаған ол төсегінен дереу тұрып, тысқа шықты. «Жан тобам, құлыным, келді ме екен менің!» деп күбірлеп есік алдына шығып еді. Бұрын-соңды болмаған бір керіністі көріп аң-таң тұрып қалды.

Бесіншіде оқитын немересі Бисен аулада олай-бұлай зыр жүгіріп жүр. Бір сәт қоянша шоқиып бүгіле қалады. Екі қолын жерге тіреп аяғын қайшыға ұқсатып, тізесін бүгіп тұрады да, бір мезетте табанына әлдекім шоқ басып алғандай секіріп түсіп, зыта жөндейді. Сәлден кейін жүгіруін тоқтатты. Бір орында тұрып алып, сан түрлі қимыл жасап жатты. Екі қолын аспанға көтере ме, бүйірін таянып, екі жағына кезек бүгіле ме, еңкейіп, екі қолын башбайларына тигізе ме, жұдырығын тас түйіп алып, әлдекімді сабап жатқандай құлшына ма, әйтеуір істемегені жоқ. Немересінің мына қимылдарын көрген Күлән әже жағасын ұстады. «Япыр-ау, не болған мына Бисенжанға! Әлдененің салқыны тигеннен сау ма өзі!!» Біраз сол дағдарған қалпында, нұры тайған көзін одан тайдырмай қадалып тұрды да, бір кезде есін жиғандай тіл қатты.

— Бисенжан!

Бисен бұрылып қарады. Күлән әже немересіне таянып:

— Не болды, жаным, әйтеуір...— деді де, сөзінің аяғын айта алмай, оған тесіле қарап қалды. Кішкене көкірегі көрікше көтеріліп басылып, ол алқынып болып тұр. Жеті-сегіздерінде Бисеннің елірме боп ауырғаны барды. Ауруы ұстағанда еліріп, қолды-аяққа тұрмай далаға қашатын. Бірақ, ол сырқаттан әлдеқашан айыққан еді. Күлән әже «немеремнің сол ауруы қайтадан ұстады ма екен» деп те хауіптеніп қалған-ды. Бисен:

— Ештеңе болған жоқ,— дегенде барып жүрегі орнына түсті.

— Не істеп жүрсің, ендеше?

— Жаттығып жүрмін.

— Жаттыққаның не, құлдығым-ау!

— Мектепте жарыс болады. Сонда жүгірем...

— Жүгірем!! Не дейді, бәтір-ау! — деп таңданған Күлән әже кенет қатулана сөйле-

ді.— Қой, шырағым, бүйтіп еріккенше құдықтан су әкел.

Осыны айтты да, үйге кіріп кетті. Бисен әжесіне мынандай бір сырды шерте алмай қалды.

Дене шынықтыру сабағы спорт алаңында өтіп жатқан. Балалар екеу-екеуден жүз метр қашықтыққа жүгіруде. Міне, Бисен де жүгірді. Бірақ, ол өзімен жарысқан Ислам Қосаевтан қалып қойды. Қарақшыға бір секунд кеш келді. Бисен қызба, намысқой бала еді, мына жағдай оған бірден әсер етті. Қабағы түйіліп, ұнжырғасы түсіп кетті. Басы салбырап, балалардың бір шегінде тұрған оған бір кезде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сәрсенбай Оразұлы келіп:

— Қапаланба, Баянов,— деген,— сен әлі мың метр қашықтықта алдыңа жан салмайтын боласың. Маған адымды кең, алшақ алып жүгіргенің ұнайды. Бірақ, сен көп жаттығуың керек.

Мұғалімнің мына сөзі оны көңілдендірген. Ұстаз ақылын ойына берік түйген.

\* \* \*

Бисен күнде жаттығатын болды. Бұрын тамағың дайын болды, тұра ғой дегенде ұйқысынан оянбай, маужырап жататын Бисен

Суреттерін салған А. ВЯЛЬЦЕВ.





енді сағат жеті болды дегенде орнынан атып тұрады. Жүгіреді, жаттығу жасайды. Әжесінің айтқанын да екі етпейді, су әкеледі, шай қайнатады. Күлән әжей енді немересінің кенеттен өзгеріп сергек, тындырымды боп шыға келгеніне таңданып жүрді. «Япырау, сымға тартқандай еткен қандай күш!»

\* \* \*

Мектепте жеңіл атлетикадан жарыс өткізілетін. Бисен соған асығып, апыл-ғұпыл киініп жатқан. Енді тысқа беттегенінде төргі бөлмеден Күлән әже дауыстады.

— Бисенжан, бері кел!

— Әже, асығыспын,— деді ол есіктен басын сұғып.

— Асығысыңды қой. Мәгәзінге барып, маған қант әкеп бер.

— Жо-жоқ, әжетай, жарыстан қаламын.

— Сенің жарысың-ақ таусылмады-ау. Бар. Өзім-ақ барып қайтармын.

Дүкенге баратын жол мектеп жанынан өтетін-ді. Мектеп тұсына келгенде, Күлән әже еріксіз кідірді. Алаңда адам ығы-жығы. Үлкендер де, балалар да көп. Ортада қызыл жалау желбіреді. Ақ майка, көк трусилі бір топ бала жаратқан аттай ана бір шетте кезіп жүр. Жұлқынысып, бір орында

секектеп-секектеп алысады. Ортаға таяу жерде екі бала жіп керіп тұр. Мектеп алдындағы бір ұзын жігіттің қолында кішкентай, қиықша қызыл жалау желкілдейді.

Күлән әже думанға жақын келді. Ауылдың біраз адамдары осында екен. Әлгі селеудей ақ сақалды Әбіш қарт бүкіл жұрттың алдына шығып, малдастап отырып алыпты. Оның артында орындықта Өсербайдың қара кемпірі отыр. «Бәтір-ау, мыналарға не жоқ» деді Күлән әже бұларға көзі түскенде. Осыларға қарап тұрғанда өзіне қарай жүгіріп келе жатқан он шақты баланы аңғармай қалған екен. Дүрсілдеп жақын келгенде сәл шеттеп, жол ашты. Осы кез топ ішінен суырылып шығып, оза жүгірген екі баланың бірі өзінің немересі Бисен екенін таныды. Бисен, неге екені белгісіз, жанын сала, ышқына жүгірмей, бір қалыпты екпінмен келеді. Алдында — қамшыдай қатқан қара бала. Ол зырқырап барады. Бисенді маңайлатар емес. Күлән әже мұны көріп, «Неге қатты жүгірмейді мына Бисен, ә» деп алға ентелей түсті. Шыдамады білем, айқайлап та жіберді.

— Бисен, бас қамшыны, оз анадан!

Бисен дауыс шыққан жаққа жалт етіп бір қарады да, ширай түсті, аяғын алшақ тастап, зымырай жөнелді. Әжесінің сөзі қанат бітіргендей құсша ұшты. Көзді ашып жұмғанша, әлгі қара баланы басып озды.

Күлән әже қарақшы түбіне «Баянов мың метр қашықтықты 2 минут 50 секундта жүгіріп өтті. Бұл жақсы көрсеткіш» деп жариялап жатқанда жетті. Достарының арасында тұрған немересін келе құшақтап, маңдайынан сүйіп:

— Әрқашан алда бол, қатарыңның алды бол, құлыным,— деді.

Бисен достарынан қысылып ұялды ма, әжесінің құшағынан бұлқынып шығып, қалың топ ортасына сүңгіп, жоқ болды.

Күлән әже ақ сақалды Әбіш қарттың қасына барып жайғасты. Дүкенге баратын жұмысын ұмытты.

Н. Сырұлы.





Суреттерін салған А. СЕРГЕЕВ.

шылған жерінде қалса керек. Ешкім жинамапты. Салақбай бөлменің ішінде аласұрып есі шықты. Асып-сасқан шақта іздеген нәрсең табылушы ма еді?! Сабақ басталатын уақыт таянып қалды. Әбден жанталасқан Салақбай бір кезде оңай амал тапты — ол үй ішіндегі қолына іліккен киімді кие салып, мектепке қарай ұшты.

Бірақ, оның есесіне, атасы тымақсыз, әжесі күпісіз, ағасы етіксіз, тәтесі пимасыз қалды.

С. Нұрмақов.



САЛАҚБАЙ

Әжесі құлағына қанша құйса да, Салақбай ұқыптылықты үйренбей-ақ қойды. Даладан келгенде, табалдырықтан аттамай жатып малақайын бір жаққа, пальтосын бір жаққа, қалай болса, солай лақтыра салады. Қашанда әжесі жинап, тап-тұйнақтай етіп бір жерге іліп жүргені.

Бір күні алакөбеден оянған Салақбай сабаққа барайын деп киімдерін іздесе, күндегі тұратын орнында жоқ. Әрқайсысы ша-





# Бір ұым лаваш



Әңгіме

(Иран балаларының өмірінен)

Шади өзіне осындай есімнің неліктен берілгенін жақсы біледі. Кейіннен ес біле бастаған кезде әкесі былай деген еді: «Сен туған жылы біздің құрма ағаштарымыз өнімді мол берді. Байдан алған қарызымыздан да құтылды, біраз жемісті бидай мен жүгеріге айырбастадық, сенің жөргегің мен мамана көйлектікке шыт та сатып алдық. Сол жыл біз үшін қуанышты жыл болды. Өміріміз ылғи осылай өтсін деген ырыммен сені Шади<sup>1</sup> деп атадық».

Оның әлі есінде. Төрт жасқа келгенше Шади үйінде тоя жемесе де күніне бір рет лаваш<sup>2</sup> жейтін еді. Кейде мамасы оны қағаздай шиыршықтап, ішіне бір қасықтай жүгері, аздаған пияз бен бұрыш салатын. Бір уыс күріш пен пиязды көрші бай үйі оның мамасына ертеңнен кешке дейін жұмыс істегені үшін беретін. Сонан кейінгі жыл ауыр болды. Ерте көктемде басталған аңызак жел мен шыжыған күн даланы өрттей күйдіріп жіберді. Егін қурап шықпай қойды. Шадидің әкесі мәпелеп өсірген төрт құрма ағашы да жапырақтарын ерте сарғайтып, жеміс бермей семіп қалды. Әкесі лажсыздан бір уыс күріш үшін күннің атысынан таңның батысына дейін бай есігінде жұмыс істеді. Фанаты<sup>3</sup> бар байға құрғақшылық ештеңе емес еді. Фанат суы бай егісіне жетпек түгіл артылып та қалды. Бірақ ол шаруалардың жеріне бір тамшы да су берген жоқ. Ақыры олардың көбі қайыр сұрап қаңғырып кетті де, Шадидің әкесі сияқты алақандай жері барлары келесі жылы егін шығар деп үміттеніп, байға жалданып, елде қалды.

Бірақ келесі жылы да алатағаланың аспаны күйдіре шыжыған сәулесінен буалдыр тартып бір тамшы су жаудырған жоқ. Күні-түні аллаға жалбарынып, бүкіл ел болып ауымы молласын шақырып, құрбандық та шалды. Алла пақырлардың қан аралас көзжасын аямады. Бүкіл дала өрт шалғандай қуарып кетті. Көрші помещик несиесі үшін Шадидің құрма ағаштарын да, үйін де тартып алды. Әкесі байға «үйімізді алмаңыз, сіздің құлыңыз болып өлгенше қызмет етейік, бізді кумаңыз» деп жалбарынып еді, бай ақырып: «Сендей тентірегендер толып жатыр, көзіме көрінбей жоғалыңдар, әйтпесе зынданға қаматып қоямын» деді.

Содан бері үш жыл өтті. Шадидің мамасы, өзінен екі жас үлкен апасы, бір інісі ел кезіп, қайыр сұрап жүрген кезде аштан өлді. Міне, аяқтарын эзер сүйретіп, әкелі-балалы үлкен тас жол үстінде келе жатыр.

— Балам! — деді біраздан соң әкесі қатты ентіге.

— Пәдәржан<sup>4</sup> не айтпақшысың? — деді Шади шүңірейген көзі мен қаба сақалынан басқа адамдық бейне қалмаған алба-жұлба әкесіне қарап.

— Аздап дем алайық. Өне жерде көгал бар көрінеді. Соған барып отырайық. Қолтығымнан сүйеші, құлыным. Бүгін екі дәрхас<sup>5</sup> шамасындай жүрген шығармыз. Шаршадық қой.

— Әкетай, Тегеранға<sup>6</sup> көп қалды ма?

— Енді көп қалмаса керек. Мынау жиі жүрген машиналарға қарағанда қала осы маңнан алыста болмаса керек. Уһ, белім-ай, кел, сен де отыр. Аздап тыныстайық.

Қара асфальтті сағыздай илей зулап аққан американдық машиналарға, сарыала шетелдіктерге екі сорлы телміре қарайды. Үш жылдан бері мойындарына ілген дорба

<sup>1</sup> Фарсыша «қуаныш» деген сөз.

<sup>2</sup> Жұқа нан.

<sup>3</sup> Жер астынан қазылып, жүргізілген су каналы.

<sup>4</sup> Фарсыша «әкетай» деген сөз.

<sup>5</sup> Он екі километр.

<sup>6</sup> Иран астанасы Тегеранды фарсылар осылай атайды.

түбінде бүгін соқыр тиын да, күріштің бір дәні де қалмаған. Екі күннен бері судан басқа нәр татқан жоқ.

— Балам,— деді біраздан соң әкесі,— не болса да осы машиналардың бірін токтатып, жалбарынып көрейік. Олар да адам баласы ғой, көмек етер. Жүр, тұралық.

Екеуі қайтып жол жиегіне келді. Өткіншілерге жалына қарап қайыр сұрап тұр. Ешкім бұларға қарар емес.

— Әке, тұрғанша, жүрейік. Әне мешіт мұнаралары көріне бастады. Сірә, осы қала болар, жүр, әке, тез жетейік,— деді Шади.

— Жүрсек жүрейік. Сен мені он жағымнан аздап сүйемесен жүре алар халім жоқ.

Жеті жасар аш балада қанша әл болушы еді. Сәлден соң бала да, әкесі де өлердей шаршады.

— Тұра тұршы, балам,— деді әкесі бір кезде. Шүңірейген көзі баланың өңменінен өтіп барады. Ойына әлденендей бір іс түскенін бала бірден сезді. Көзінен ыршып жаста ақты.

— Неге тоқтадың, әке,— деді баласы.

— Сен кейінірек тұра-тұр. Менің қасыма келме! — деп бұйырды әкесі.

Буалдыр аспанның батысын жиектеген күн «менің қызуыма күймеген не қалды» дегендей шақырая батып бара жатыр. Әлде қай жақтан ұшып келген бір топ қарға әлденені сезгендей даланы басына көшіре қарқылдап, төбеде шыр айнала ұшып жүр. Күні бойы ыстыққа күйіп, қызған жер әбден піскен қарбыздай, үлкен пышақпен шаншып қалса, жарылып кететін сияқты. Шади құбылаға қарап, білетін құранын ішінен күбірлеп, «әкеме қуат бере көр!» — деп аллаға жалынып тұр. Үлкен жолдың қарсы жақ шетінен бір лимузин зулап келе жатыр. Әкесі қолын көтерді. Машинаның тоқтамасын сезген байғұс жолдың қақ ортасына сүйретіле жетті де, етбетінен жата кетті.

— Әке, әке, ойбай әке, өлесің ғой! — деп жан ұшыра Шади жүгіріп келеді. Машина адам құлаған жерге келді де, кілт тоқтады.

— Ей, қанғыбас, немене өлетін күніңді өзін жақындатқын келді ме? Кет жолдан, көрден шыққан аруақтай түрінді көрсетпей,— деді американдық офицер машинасының есігін ашып. Қайыршы орнынан әзер тұрып:

— Жоғары мәртебелі мырза, мына балам екеуіміз нәр татпағалы екі күннен асты. Құдай тілегіне жеткізсін. Бір жәрдем етіңіз,— деді.

— Сен ит садақа үшін менің уақытымды босқа алып неге тоқтаттың. Кет былай! Әйт-

песе мен сені...— деп қайыршының жағасынан сүйреп, жол жиегіне лақтырып жіберді де, жүріп кетті.

— Әке, әке, тұр,— деп Шади әкесін жұламалап жатыр. Әкеде үн жоқ, соққан жүректің белгісі де жоқ. Бала өксіп жылап қоя берді. Төбедегі кара қарғалар іздеген жемтігі табылғандай бұрынғыдан да бетер шуылдап сол манайда үйіріліп жүр. Жолда келе жатқан қайыршылар Шадидің әкесін



бір шұқырға көмді де, қалаға бет алды. Олардың сонынан ілесіп Шади да Тегеранға келді.

..Бүгінгі күн кешегіден ауыр болды. Күндіз қала көшелерін саудагерлер жайлайды. Қарғаның ұясындай ызын-ызын шу. Әркім өз нәрсесін ұсынып, дауыстары қарлыққанша айғайлайды.

Қаланың оңтүстік ауданы. Жер кепе үйлер, үңгірлер, аш-жаланаң тарыққан адамдар. Шади осы үңгірлердің біріне келе жатыр.

— Бірдене таптың ба? — деді қара қайыстай арық бала үңгірден шығып.

— Мынадан басқа ештеңе таппадым, Әһмәд, — деді көзі жаутандап Шади.

— Көрсет.

Шади коқыр-соқырды қопарып тапқан он шақты өрік, құрма сүйегін, алма мен шабдалдың мүжілген қалдығын, жүзім мен қапустаның бір-екі жапырағын Әһмәдке берді.

— Ей, мақау, ең болмаса бір кран әкелмегенің не?

— Қаланың орталығына полиция жібермеді, ал бұл төңіректе кімнен алмақпын.

— Жарар, жыламсырамай-ақ қой. Одан да кешкі тамақтың камына кірісейік. Мына жеміс сүйектерін ұнтақта, байқа, бір дәнін аузыңа салсаң басыңды жарам, — деді Әһмәд зілді үнмен.

Шади ортасы ұнғылау жалпақ тасқа жеміс сүйектерін уатып, дәндерді бір бөлек алып, сүйектерді ұлпа топырақтай етіп ұнтақтады. Әһмәд консерв құтысына су құйып, жер ошаққа қойды да, астына от жақты. Манағы жапырақтарды, сәбіздей сүп-сүйрік екі-үш тамырлы шөпті құтыға салды.

— Кәзір сүп пісіп шығады. Көрдін бе? Бірден қоюлана түскенін. Иісі нағыз ет сорпадан кем емес. Уайымдама, Шади, кәзір әлгі соқыр Әли келсін. Немене, ішінді жылан жалап бара ма? Төзе тұр, — дейді Әһмәд Шадидің суалған жақ сүйектеріне қарап.

— Жаламағанда ше? Таңертеңнен дәм татқаным жоқ, — дейді күңкілдеп Шади.

Оның күңкілін елең қылған Әһмәд жоқ. Сірә, күндіз, үңгірде оңаша қалған кезінде, бір-екі шөп тамырын пісіріп жеп алса керек. Оны Шади сезіп тұр. Бірақ айтуға батылы бармайды, одан қорқады. Ішінен «сенің сазайыңды Әли келген соң берер» дейді. Әли бұлардан үлкен, 12—13 жаста. Оларға қарағанда дамбалы да жаңа, оны

полицейлер де біледі, кейде қаланың орталық көшелеріне жіберіп тұрады. Орталыққа барса, бай саудагерлер мен мырзалар көп, бір-екі кран тауып, бір үзім лаваш сатып алуға болады. Бүгін «жорыққа» Шади мен Әли аттанды да Әһмәд үңгірді, мынау жалғыз бұтақты ағаш түбінде өсірілген тамырлы шөптерді күзетіп қалғанды.

Күн кешкірді-ау деген кезде еңтіге, бір көзі сығырая Әли де келді. «Кешкі тамақ дайын ба?» — деді. Ыстыққа түтіккен қапқара өңі онан бетер қарая түскен. Жаутандаған жалғыз көзі «бүгін ештеңе таба алмадым, мына аяғымды көріндерші, бүкіл қаланы араладым ғой» дегендей кешірім сұрайды.

— Мынау Шади сенің лавашыңды күтіп, мына ботқаны жемей қойғаны. Ертеңгі лавашқа да орын табылды. Кел суытпай жайластырайық, — дейді Әһмәд.

Құтыдағы ботқа бір минутке жетпей жоқ болды. Бір кезде Әли орнынан ұшып тұрды да, ағаш түбіндегі шөптерді санай бастады. Екі-үшеуі жоқ болып шықты.

— Ә, мен жоқта сен екеуің тойып алған қу екенсіңдер ғой. Ендігәрі осы мінездеріңді қоясыңдар ма, жоқ па, — деп Әһмәдті құлақ шекеден періп жіберді. «Мен жегем жоқ» деп жалынған Шадиді де соғып жіберді. Жалғыз бұтақты ағаш түбі қан майданға ұқсағандай шаңнан көрінбей кетті. Күні бойы қала кезіп, ештеңе таппаған Әли өшін екі байғұстан алды. Екеуін де сілейтіп сойып салды.

...Күн батып, қараңғы түсті. Тегеранда электр шамдары жанды. Капиталистер мен помещиктер үлкен ресторан үйлерінде, түнгі кабарәлерде сауық-сайранға кіріскен. Жағалай музыка, гуілдеген автомобильдер. Дәл осы кезде қаланың оңтүстік шетінде, жалғыз ағаш түбіндегі үңгірде үш жетім бір-біріне тығыла бүрісіп жатыр. «Бұл кішкентай сорлыларды неге ұрдым. Бекер-ақ қол жұмсадым. Айтып түсіндіруім керек еді. Аш қой байғұстар» — деп ойлайды Әли. «Ал өзім ше, өзім де ашпын, осыларға бірдене табам ба деп, күні бойы жүгірдім ғой» деп өзін-өзі жұбатады. Бет-аузы күп болып ісіп кеткен Әһмәд ынырсып жатыр. Таяқ аз тиді ме, әлде қатты шаршады ма, Шади бәрінен бұрын ұйықтап кетті. Түсінде әкесі мен мамасын, баяғы өзі туған үйді көрді. Мамасы оған пеште жаңа ғана пісіп шыққан ып-ыстық, жұп-жұмсақ лаваш берген екен.

С. Қыстаубаев.



Балалар! Әдетте сенін жайдары шат тұрмысың мен шексіз қуанышыңды, сәтті басқан сәбилік алғашқы әр қадамың мен бүгінгіден де сұлу нұрлы келешекке бой ұрған асқақ арманыңды ғана жырлайтын ақын аған Бүркіт Ысқаков тұңғыш өлеңдер жинағын алдына тартты. Ақкөңіл кіршіксіз жанның мұнда Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігі, білім беріп, алыс қияға ұшырған сүйікті мектебі мен аса қадірменді ұстазына арналған сарқылмас мол алғысы бар.

Күндей күліп Кремльден  
Қызыл жұлдыз қарайды,  
Оның жарқын реңінен  
Алтын сәуле тарайды.

Осы жұлдыз сәбилерге  
Шаттық нұрын төгеді,  
Аялайды, әлдилейді,  
Беттерінен өбеді,—

Бұл жәй жұлдыз емес. Ерекше қасиетті, ғажап құдіретті жұлдыз. Жас жандарды бақыт нұрына бөлеп, өмір биігіне өрлететін таң шапағы, замана сыры! Ол мәңгілік! Міне, жинақтың негізгі идеялық арқауы осында жатыр.



Сонымен бірге, бұл жинақтағы өлеңдерде балдырғанның балғын шағы қамқоршы өмір, ақылшы ата, ананың бауырында алаңсыз білім алып, үйренумен шектелмейді,

бұған қосымша, оның өзінің де өмірде азды көпті үлесі бар. Алғашқы қадамынан бастап-ақ, ол қоғамдық ортаға пайдалы іс істеуге күштар. Бірде колхоз даласында, егістікте астық жинасып, қырман басындағы қызу еңбекке араласса («Балалардың қосқаны»), бірде сабағын дайындап болысымен мал фермасына барып, арық тұрақ төлді қамқорлығына алады («Төлбасы»).

Міне, қай шығармасында болсын, аға жүрегінен туған ақиқат сыр бәрімізге ортақ. Әрі өлеңдер қарапайым жеңіл тілмен жазылған. Суретті. Бұл жинақты сендер де оқындар, балалар!

### Өзің жаса!

#### ҚАЛДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ


Бұл іске керекті заттар әрбір үйден табылады. Бұған бәрі де жарайды: ескі түймелер, тозған моншақ, майда тиын, әртүрлі шынының сынықтары, жаңғақтың қабығы, яғни қажетсіз деп тасталған түрлі қоқыс. Осы қалдықтардан кішкене вазалар, сурет рамалары, сандықша сияқты неше түрлі әдемі заттар жасауға болады.

Ол үшін гүл өсіретін қыш құмыра, немесе консервінің қалбыры, ағаштан жасалған кәдімгі рама немесе жәшік алуға болады. Осы алынған зат жұмсақ замазкамен әдемі түр беріліп, жан-жағынан жағылуға тиіс. Замазка кеуіп қалмай тұрып, әлгі қалдықтардың түрлі бөлшектерін осыған батыра жапсыру керек. Сонда әдемі, түрлі түсті зат пайда болады. Егер, сол қалдықтардың арасында түрлі түсті моншақ, немесе әр түсті шыны болса, мұндай мозаика ерекше әдемі түсті болып шығады.

Осы айтылғандар орындалғаннан кейін жасалған затты әбден кептіріп, түрлі тастардан, шынылардан басқасының бетіне қола порошокін себу керек. Ол порошокты алдымен спиртті лакка немесе желімді суға еріту қажет. (Сұйық етіп ертілген ағаш немесе кеңсе желімі). Қола порошокіне азырақ (жасыл немесе қызыл) құрғақ бояу қосуға болады. Осының нәтижесінде, қоланың реңі өзгеріп, әртүрлі түске енеді.

Н. Харьковский.

**МАМАНДЫҚТЫҢ ПАЙДАСЫ**



Ұлытау орта мектебі жанынан ашылған жас механизаторлар курсы өткен оқу жылында бір топ жолдастарымен бірге Елеусізов Жаңғали да үздік бітіріп, трактористік мамандықты толық меңгеріп шыққан. Биылғы жазғы демалыста ол осы өз өнерінің қызығын көрді. Ұлытау совхозына көмекке барып, 4-тракторшылар бригадасында екі жылдық жемішөп қорын жасау жолындағы игілікті іске үлес қосты. Ол өзіне берілген «Беларусь» тракторымен, күніне 28 гектар орнына, 34—35 гектар жердің шөбін шөмелеге салып, күндік нормасын үнемі асыра орындап жүрді. Сөйтіп, айдан астам уақыт ішінде бірнеше жүздеген гектар жердің шөбін жинады. Осы іскерлігімен механизаторлардың сүйіспеншілігіне бөленіп, ол совхоз директоры атынан талай рет алғыс алды.

Жаңғали қазір 10-класта оқиды. Сабақ үлгерімі өте жақсы. Мектеп бітірісімен ол еңбегі сіңіп, өзі араласқан осы совхозына кәметтік аттестатпен жұмысқа барады.

Ж. Қасымбеков.

Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы.

**Ұлт ойындары**

**АСАУ МӘСТЕК**

Бұл ойын бостау тартылған арқанның үстінде ойналады. Дене салмағын тең ұстап, арқанның қимылдағанына қарамастан, әр түрлі жаттығулар жасау керек. Ойынды кең үйдің ішінде, клубта, жазда ашық далада ойнауға болады. Оған 10—15 бала қатысады. Ойын бастаушы және тереші бір-ақ адам.

Ойын тәртібі: Бір кісі үзілмейтін мықты жіп немесе кендір арқанды ұзындығы 4 метрдей, биіктігі екі метрдей жерге мықтап байлайды. Арқанның ортасы еденнен яки жерден 70 см биік тұрады да, екі ұшы 1,75 м, немесе 2 метрдей биік тұрады. Арқанның орта шеніндегі астында кілем не

сырмақ жатады, далада ойналғанда ол жерге ағаш үгіндісін, жұмсақ құм төгіп қойса да болады.

Арқан осылай әзір болған соң, оны «Асау мәстек» деп атайды. Ойын бастаушы бала:

— Ер екенің білейін,  
Ешкі сойып берейін.  
Тақия алсаң еңкейіп,  
Құламасаң теңкейіп,  
Ерлігіңе сенейін.

Мынау асау мәстекке мініп, жерден тақия алуға кәне, кім шығады! — деп, ойнаушыларды шақырады.

— Мәстек болса, салт жүруге бастықпаған екен. Қақпалап мінетін таяқ керек, — дейді, мінуді ұйғарған бала. Оған ойын бастаушы:

— Ат үстіне шыққанша, үш рет моңкіп жыққанша, — дейді де,

жарты метрдей таяқ береді. Атқа мінуді сол таяқтың көмегімен арқанға мініп алып, екі аяғын жинап, жалғыз арқанның үстінде малдас құрып отыруға тырысады. Үш рет жығылып қайталанғаннан кейін немесе салған жерден бойының тең ұстай алатын өнерін көрсете бастасымен таяқты алып қояды. Арқанның үстіне отырып, аяғын жиып алған соң, енді жерде жатқан тақияны қолымен еңкейіп көтеріп алу керек.

Орындаған бала өзі таңдаған екі балаға ұпай салады. Орындай алмаған бала ұпай тартады. Ойын осы тәртіппен созыла беруі мүмкін.

Ескерту: Арқан өте қатты болса, оның үстіне тақымды қажамас үшін жұмсақ иәрсе жабады не көрпе орап қояды. Оның ойынға бөгеті жоқ.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Октябрь таңы, коммунизм шапағы» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 13/Х-1959 г. УГ05816. 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 37.500 экз. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1869.



# Жас дос!

# 1960

## жылға

# БІЛІМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК

# Журналына

# ЖАЗЫЛУДЫ

# Ұмытпа!



1960 жылдың, январынан бастап бұрынғы «Пионер» журналының орнына жаңадан ай сайын қазақ тілінде «БІЛІМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК» атты ғылыми-техникалық, көпшілік және әдеби-көркем журнал шыға бастайды.

Бұл — Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымының республикалық Советінің органы.

Жаңа журналда ғылым, техника жаңалықтары үнемі жазылып отырады. Жастардың жетіжылдықтың алып құрылыстарындағы, колхоз, совхоз даласындағы ерлік істері, мектеп оқушыларының өмірі жайлы материалдар да орын алады. Ғылыми-фантастикалық, әдеби-көркем шығармаларды да бұл журналдан жиі оқисыздар.

Бір жылға — 18 сом.

Алты айға — 9 сом.

Үш айға — 4 сом 50 тиын.

Журналға «Союзпечатьтың» барлық бөлімдерінде жазылуға болады. Жазылу мөлшеріне шек қойылмайды.



### СОВЕТ ОДАҒЫ ЖАС ПИОНЕРЛЕРІНІҢ ЗАҒЫ

Пионер өзінің Отанын, Совет Одағының Коммунистік партиясын сүйеді. Ол өзін ВЛКСМ мүшесі болуға дайындайды.

Пионер өмірлерін Советтік Отанның азаттығы мен гүлдене беруі үшін күреске құрбан еткендерді есте тұтады.

Пионер дүние жүзінің барлық елдерінің балаларымен достасады.

Пионер ынта қойып оқиды, тәртіпті және кішіпейіл болады.

Пионер еңбек етеді және халық қазынасын сақтай біледі.

Пионер — жақсы жолдас, кішілерге қамқорлық жасайды, үлкендерге көмектеседі.

Пионер батыл болып өседі және қиындықтардан қорықпайды.

Пионер шындықты айтады, ол өз отрядының намысын сақтайды.

Пионер күн сайын физкультуралық зарядка жасап, өзін-өзі шынықтырып отырады.

Пионер табиғатты сүйеді, ол жасыл желектердің, пайдалы құстардың және хайуанаттардың қамқоршысы.

Пионер — барлық балаларға үлгі.

